<table>
<tr><td></td><td>отырып талқылап, өз топтарына келіп түсіндіреді.<br></td><td></td></tr>
<tr><td>Сергіту сәті<br>2 минут</td><td>«Қара жорға» биі</td><td>видеожазба</td></tr>
<tr><td>Аяқталуы<br>Сабақты бекіту<br>10 минут</td><td>Синтез «АҚЫЛДЫҢ АЛТЫ ҚАЛПАҒЫ»<br>әдісі арқылы оқу әрекетін ұйымдастыру.<br><br></td><td>«АҚЫЛДЫҢ АЛТЫ ҚАЛПАҒЫ» әдісі арқылы оқу әрекетін ұйымдастыру.</td></tr>
<tr><td>Бағалау<br><br>5 минут<br><br><br><br>Кері байланыс<br>3 минут</td><td>Бағалау парақшасы Дұрыс жауапқа 5 балл.<br><table><tr><td>Оқушының аты-жөні</td><td>«Жария лау» әдісі</td><td>«Салыстыру кестесі»</td><td>«Ыстық орын дық» орындық әдісі</td><td>«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>«Белгілер» әдісі<br><br></td><td>Бағалау парақшасы<br><br>«Белгілер» әдісі. Рефлексия парағы.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Үйге тапсырма:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қорытынды бағамдау<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1: 2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1: 2:<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</td></tr>
</table>



**Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Жігірген ауыл әкімшілігі Тесіктобе елді мекені Шақпақ негізгі орта мектебі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қарабалаев Салдарбек Рахымбайұлы**

**Эстафета элементтері бар жеңіл атлетика**

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 3.1.1.1 Негізгі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыс машықтарын білу, түсіну және жақсартып жалғастыру. |
| **Сабақ мақсаттары** | Негізгі дене жаттығуларын орындағанда қозғалыс машықтарын біледі және түсінеді. |
| **Бағалау критерийлері** | • Негізгі дене жаттығуларын орындағанда қозғалыс машықтарын біледі<br>• Негізгі дене жаттығуларын орындағанда қозғалыс машықтарын түсінеді. |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар:<br>• жеңіл атлетикаға байланысты физикалық қасиеттер туралы түсініктерін көрсетеді және талқылайды |

| | |
|---|---|
| | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>Мыналарды қамтиды:<br>• қауіпсіздік ережесі<br>• қозғалыс дағдылары<br>• жүгіру, секіру, лақтыру<br>• шыдамдылық<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>Талқылау үшін сұрақтар<br>• Сіздің қандай іс-әрекетіңіз оң нәтижеге әсер етті?<br>• Осы ойын сізге қандай сауықтыру пайдасын әкелді?<br>• Физикалық белсенділік біздің жұмысқа қабілеттілігімізге қалай әсер етеді? |
| **Құндылықтарды дарыту** | • оқушының төзімділік, жылдамдық, күш, ептілік және икемділік сияқты қозғалыс дағдыларын дамытады;<br>• ұлтжандық, құрмет, командада жұмыс;<br>• оқушыларды өмір бойы салауатты өмір салтын ұстануға бағыттай отырып, алынған дағдыларды қолдануға ынталандырады; |
| **Пәнаралық байланыстар** | Биология, физика пәндерімен байланыстырылады. Эстафета таяқшасын беру жаттығуларын орындау кезінде қозғалыс машықтарын түсінеді. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Тақырып бойынша эстафета элементтері бар жеңіл атлетика түрлерін (АКТ қолданған жағдайда) көрсету. |
| **Бастапқы білім** | Оқушылар алдыңғы сыныптарда, сондай-ақ сабақтан тыс қызметте іс- шаралар кезінде эстафета элементтері бар жеңіл атлетика бойынша түсінігі бар. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>**10 мин** | **І.** Сапқа тұрғызу. Сергіту сәті. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын ояту. «Сәлемдесу» ойыны: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. "Бастаймыз" деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен...қолмен... өкшемен... иықпен...құлақпен...тіземен....иекпен.... арқамен.<br>Мұғалім айтады: «Біз пәндерді кіріктіруді, қозғалу дағдыларын, дене қасиеттерін қауіпсіздік ережесін сақтау мен сабақ тақырыбы бойынша айту арқылы дамытуды жалғастырамыз»<br>*Мұғалім Сіздер үшін денсаулықты сақтау нені білдіреді деп сұрақ қояды.*<br>Мұғалім оқушыларды сабақ тақырыбымен, күтілетін нәтижелермен және сабақ мақсаттарымен таныстырады.<br>Кеңістікте топпен жүгіргенде неге сақ болу керек екенімізді айта аласын ба?<br>Орташа қалыпта жүгіру, алаңның оң жағынан сол жағына қарай .<br>1. Екі қол жоғарыда аяқтың ұшымен, екі қол белде өкшемен жүру.<br>2. Жеңіл жүгіріске көшу .<br>3. Аяқты артқа, қолға жеткізе жүгіру, екі қол алдыда тізені биік көтере жүгіру.<br>4.Оң және сол жақ қырымен адымдап жүгіру, екі қол белде<br>5. Жылдамдыққа жүгіру<br>6. Қолды екі жақтан тыныс ала көтеріп , түсіру, демді қалпына келтіру.<br>Ж.Д.Ж. орнында<br>**Күтілетін нәтижелер**<br>- эстафета элементтері бар жеңіл атлетиканы түсінеді;<br>- жаттығулардың денсаулыққа тигізетін әсерін біледі;<br>- қозғалмалы ойындардағы қимыл-қозғалыс әрекеттерін қолданады.<br>**ІІ.** Мұғалім сабақтағы қауіпсіздік техникасын еске салады. «Тек бір минут» стратегиясын **өткізеді**<br><u>Оқушылар бір-бірін бағалайды</u><br>Оқушылар тамырдың ырғағын санайды. | Үлкен, бос кеңістік, ойын алаңы, пішіндерді белгілеуге арнаған бор, жалаушалар, ысқырық. Жолдарды салуға арналған ленталар. |
| Сабақтың ортасы | **(Т, Тәж, КБ)** «Допты басынан асыра, аяқтың арасынан және | Үлкен, бос кеңістік, ойын |

| | | |
|---|---|---|
| **25 мин.** | аралас түрде беру» ойыны. Сыныпты 2-4 командаға бөлу. Әр команда бөлек-бөлек колонна болып тұрады және колоннада тұрған ойыншылардың өзара қашықтығы қол созым болу керек. Әр колоннаның бастаушысында бір доптан болады. Жүргізушінің белгісі бойынша алда тұрған ойыншылар допты басынан асыра келесі ойыншыға береді. Осы түрде доп колоннаның соңында тұрған ойыншыға жетеді. Ал, соңғы ойыншы допты алып колоннаның оң жағынан айналып келіп бірінші боп тұрады да, допты басынан асырып келесі ойыншыға береді. Ойынды бастаған ойыншы өз орнына қайтып келгенше ойын жалғаса береді. Ол орнына қайтып келген соң допты жоғары көтеріп, өзінің командасында тік тұруға команда береді. Ойынды бірінші бітірген команда жеңген болып есептеледі.<br>Ережесі. 1. Допты тек өзінің көршісіне беруге болады. Допты бірнеше ойыншыдан асырып лақтыруға болмайды. 2. Допты түсіріп алған ойыншы допты алып орнына келіп, келесі ойыншыға береді. 3. Соңғы ойыншы колоннаның алдына келгенде, ойыншылар кішкене артқа жылжиды. 4. Айып ұпайлары жоқ және ойынды бірінші бітірген команда жеңімпаз атанады.<br><br>**Дескриптор:**<br>- ойын кезінде қозғалыс траекториясын сақтайды;<br>- ойын кезінде қолды жоғары ұстау керектігін біледі;<br>- қозғалысты кеңістікте тиімді пайдаланады, топпен жұмыс жасайды.<br>**ҚБ:** бірін-бірі бағалау, бақылау. | алаңы, бор, ысқырық.<br>«Қозғалмалы ойындар және эстафета элементтері бар жеңіл атлетика» сілтемесі |
| Сабақтың соңы<br>**5 мин.** | **Сабақты қорытындылау.**<br>- Оқушыларды сапқа тұрғызып, тыныс алу жаттығулары арқылы бастапқы қалыпқа ағзаны келтіру;<br>- Қол жеткен нәтижелер туралы ойлау өзіндік талдау жүргізуге дағдыландыру;<br>- Өткен тақырып бойынша мұғалім мен оқушының талдау іс-әрекеті;<br>- Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді;<br>Оқушылар өздерінің жұмысысын екінші топ қол соғу арқылы және жұлдыз беру әдісімен бағалайды. Бағалау: Оқушылар берілген тапсырмаға сай жұмыстануына байланысты және жоғарыда көрсетілген критерийлерге байланысты бағаланады. Сабақ кезінде визуалды бақылау арқылы және сабақ соңында сұрақ-жауап арқылы бағаланады.<br>Рефлексия:<br>- нені білдім, нені үйрендім?<br>- нені толық түсінбедім?<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет?<br> бәрін жақсы түсіндім.<br><br> Енді түсініп келемін<br> Түсінбедім<br> Барлығын түсіндім | Құрал-жабдықтарды жинау.<br>Кері байланыс үшін парақ |
| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |

| **көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | |
|---|---|---|
| • Үлгере алмайтын, қалып қоятын оқушылар мықты және дарынды балалардың соңынан қайталап береді<br>• Кеңістікте қозғалыс сөздік қорларын кеңейту үшін жаттығып жатқан қабілетті оқушыларға қиынырақ сұрақтар қойылады.<br>• Қозғалыс ойын және эстафета ойын ойнаған кезде мықты дарынды оқушылар өз креативтік ойларын және қимыл қозғалыстарын көрсете алады «Көңілді кенгуру » | • Мұғалімнің сырттан жүріп байқауы<br>• Оқушылармен тақырып бойынша әңгімелесу<br>• Керек кезінде оқушылар тоқтай ала ма?<br>• Оқушылар ойын ойнаған кезде ерекше қимыл қозғалыстарын көрсете ала ма?<br>• Бақылау, тыңдау, сұрақтар<br>• Оқушылардың қалай жүргендерін бақылау<br>• Оқушылар өз-өздерін бағалау, орындаған тапсырманы талқылайды<br>• Сұрақ жауап арқылы топтағы және жеке қарым-қатынас сапасын анықтау | Әр оқу тоқсанының басында бекітілген қауіпсіздік техникасы ережелерімен таныстыру;<br>Сабақ барысында жайлы жағдай туғызу;<br>Өзгелердің пікірін сыйлай отырып, олармен жұмыс жүргізу<br>Қауіпсіздік ережелерін мұқтят сақтау<br>Тақырыпқа сай әрекет ету мен киінуді қатаң талап ету;<br>Әр оқушының жүріс-тұрысын жіті назарда ұстау.<br>Өзгелермен жұмыс, пікірді құрметтеу. |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары/меңгеру мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді?<br>Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? | Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз. Сабақ мақсаттары дұрыс қойылған ба? оқушылар нені үйренді? Оқыту/оқу, Сәтті; Сәтсіз; Болашаққа жоспар.Сабақ мақсаты сабақ тақырыбына, оқушылардың жас ерекшелігіне, қимыл қозғалысқа деген қажеттіліктеріне сай қойылған. |

Жалпы баға
Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

**Түркістан облысы Келес ауданы**
**«№40 мектебі»**
**технология пәнінің мұғалімі**
**Лесов М.**

## Былғарыны өңдеу ж/е бұйымдар жасау.

| | |
|---|---|
| **«Сабақ негізделген оқу мақсаттары:** | Оқушыларға тері өңдеу технологиясын үйретіп оны қарапайым жолдармен өңдей білуге, терінің қандай пайдасы бар екенін үйрету. |
| **Сабақтан күтілетін нәтиже:**<br>**1-деңгей(білу,түсіну)** | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:**<br>Теріні қарапайым жолдармен өңдеуге болатынын біледі. |
| **2деңгей(қолдану,талдау)** | **Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:**<br>**Тері және былғарыдан жасалатын киімдерді,ыдыстарды атай алады.** |
| **3-деңгей (жинақтау, бағалау)** | **Оқушылардың кейбіреулері мынаны орындай алады:**<br>Тері мен былғары не үшін қолданылатынын біледі. |
| **Тілдік мақсат:** | Тері,кожа,leather, етік,сапок, boots, тон,дубленка, coat. |
| **Ресурстар:** | АКТ,теріден жасалған бұйымдар,қайшы,қалам,ине,тері,суреттер |
| **Пәнаралық байланыс:** | Тарих, математика,сурет |
| **Алдыңғы оқу:** | Филигрань |
| **Сабақтың жоспары** | |